

Б.Д. Жанділла*, PhD докторанты¹

Р. Шоқан, э.ғ.к., доцент¹

Э.Б. Тлесова, э.ғ.к., доцент¹

Е.А. Жусупов, PhD²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Esil University, Астана қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: bimerei@mail.ru

ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҮШІН ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯНЫ БАСҚАРУ ТЕТІКТЕРІ

Туризм саласы Қазақстан экономикасының болашағы зор салаларының бірі ретінде танылып, оны дамыту бойынша жүйелі стратегиялар жүзеге асырылуда. Сәйкесінше, еліміздегі туристік дестинацияларға келуші туристер саны артады деп күтілуде. Отандық туристік дестинациялардың басым көпшілігі табиғи туристік ресурстарға негізделіп құрылғандықтан, оларды дамытуда тұрақты даму тұжырымдамасы қағидаларын ескеру шарт. Келетін туристер санының артуы мен әрбір дестинацияның экологиялық мүмкіндіктері арасындағы тепе-теңдікті табу, сондай-ақ туризмді бақылау мен басқаруды дамыту қажет. Туристік өткізу қабілеті-1992 жылы Сифуэнтес жасаған танымал әдістердің бірі. Бұл әдіс 4 басты теңдеулер: туристік өткізу қабілеті (ТСС), негізгі өткізу қабілеті (ВСС), потенциалды өткізу қабілеті (РСС), нақты өткізу қабілеті (RCC) негізінде туристік дестинациялардың максималды өткізу қабілетін болжауға мүмкіндік береді. Өткізу қабілеттілігі туралы ойлар үш негізгі компоненттің немесе өлшемдердің айналасында жүреді: физика-экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, саяси-экономикалық. Бұл аспектілер іс жүзінде қарастырылатын мәселелер шеңберін де көрсетеді. Зерттеу туризмнің өткізу қабілеттілігі (ТСС) тұжырымдамасын түсінуге, оны практикалық талдауға және өлшеуге бағытталған. Талдау теория зерттеулерге шолу жасауға негізделген. Туризмнің өткізу қабілетін бағалаудың нәтижелері үкіметтің туризмді дамыту саясатын әзірлеу үшін бастапқы деректер ретінде пайдаланылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, туристік ресурстардың шамадан тыс қолданылуы салдарынан туындайтын экологиялық мәселелерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: туризм, тұрақты даму, туристік дестинация, туризмдегі өткізу қабілеті, нақты өткізу қабілеті, негізгі өткізу қабілеті, потенциалды өткізу қабілеті, айналу коэффициенті, тұрақты туризм, келушілерді басқару.

Ключевые слова: туризм, устойчивое развитие, туристическое направление, пропускная способность туризма, реальная пропускная способность, базовая пропускная способность, потенциальная пропускная способность, коэффициент ротации, устойчивый туризм, управление посетителями.

Keywords: tourism, sustainable development, tourist destination, tourism carrying capacity, real carrying capacity, basic carrying capacity, potential carrying capacity, rotation coefficient, sustainable tourism, visitor management.

JEL classification: L00, L 83

Кіріспе. Туризм – халықаралық қызмет көрсету нарығының серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі және валюталық түсімдер мен жұмыс орындарының маңызды көзі болып табылады, сонымен қатар көптеген елдердің, ең алдымен дамушы елдердің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әл-ауқатымен тығыз байланысты сала. Оның жергілікті және аймақтық даму үшін маңызы, атап айтқанда, жергілікті экологиялық және мәдени ресурстарға түсетін қысыммен бірге одан әрі артады деп күтілуде, дегенмен туризмнің климаттың өзгеруі сияқты жаһандық құбылысқа қосқан үлесін елемеге болмайды.

Туризмнің өсуін жоспарлау және басқару тұрақты даму контекстінде маңызды болып табылады. Демалыс қазіргі өмірде орталық орын алатындықтан, қоршаған орта сапасына деген сұраныспен қатар, тұрақты даму принциптеріне сәйкес туризмді дамыту жоспарлаушылар мен менеджерлер үшін нақты міндетке айналуға. Жаңа туристік дестинациялардың пайда болуы бәсекеге қабілетті нарықта өз позицияларын сақтау үшін қолданыстағы туристік бағыттарға қысымды күшейтеді. Жағалаудағы немесе таулы курорттардағы жетілген дестинациялар қазірдің өзінде өз клиенттерін кеңейту мақсатында туристік өнімді әртараптандыруға күшін салуда. Қыста,

жазда немесе ұлттық мерекелерде болсын, шыңдардан аулақ болу мүмкін емес, керісінше, одан әрі даму мүмкіндіктері ізделуде, өйткені туризм жергілікті жұмыспен қамту мен табыс үшін маңызды фактор болып қала береді.

Осы орайда туризмді тұрақты дамыту мәселесі заманауи ғылыми әдебиеттерде өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі кез келген жергілікті жердегі қоғам, экономика мен қоршаған орта арасындағы байланыстың маңызы зор. Аталған үш бағытты байланыстыра отырып тұрақты даму туризмді дамыту үшін ортақ саяси негізді қамтамасыз етеді.

Экологиялық және басқа да географиялық ерекшеліктер белгілі бір жердің артықшылықтарын құрып, сол жерге адамдар мен экономикалық қызметтерді тартады. Адамдардың іс-әрекеті мен өмір сүру тәртібі жергілікті жердегі қоршаған орта жағдайына негізделген, сондай-ақ оған да өз ықпалын тигізе алады. Антропогендік іс-әрекеттердің қоршаған орта эко жүйесі мен жергілікті жер тұрғындарына кері әсерінің алдын-алу мақсатында өткізу қабілеттілігін мемлекеттік деңгейде қадағалау маңызды.

Тұрақты даму тұжырымдамасын тұрақты туризмде қолдана отырып, өткізу қабілеттілігі идеясының, яғни туризмді дамытудың қажетті, мүмкін және рұқсат етілген деңгейінің аталған екі тұжырымдамада да терең маңызын анықтаймыз. Осы ретте өткізу қабілеттілігін тұрақтылық көрсеткіші ретінде қарастыруға болады.

Өткізу қабілеттілігі туралы түрлі әдебиеттердің кең таралып, туризм мамандарының қолдауына ие болғанына қарамастан, оны практикада қолдану аясы әлі күнге дейін шектеулі болып отыр. Бар болған жағдайда негізінен жағалау немесе курорттық туризм саласындағы туристік зерттеулермен байланысты. Ал жергілікті жердегі туристік дестинацияларды жобалауда өткізу қабілетін ескеру мысалдары өте аз кездеседі. Мұндай мысалдарда өткізу қабілетін туристік әлеуетті бағалау үшін немесе туризмді дамыту стратегиясы тұрғысынан пайдалану зерттеу қызығушылығын оятарлық. Ал отандық туристік дестинацияларды басқаруда өткізу қабілетін қолдану тәжірибесі жоқтың қасы. Оған себеп жергілікті туристік дестинацияларды басқару тәжірибесінің аздығы, соған сай ол мақсатта ғылыми әдіс-тәсілдерге жүгінбеу болып табылады. Осы ретте, мақаланың мақсаты – туризмдегі өткізу қабілеті түсінігін жан-жақты қарастырып, оны туристік дестинацияларды жобалауда қолданудың өзектілігін анықтау болып табылады.

Әдебиеттік шолу. Жүк көтергіштігі тұжырымдамасы 1940 жылдары пайда болды. Ол жүк кемесінің максималды жүктемесіне қатысты математикалық есептеулер жасаудан тұрады [1]. Бұл математикалық есептеу қоршаған орта мен туризм үшін өткізу қабілеттілігін есептеуді қоса алғанда дамуын жалғастыруда. Сифуэнтес өзінің «Қорғалатын аймақтардағы туризмнің өткізу қабілеттілігін анықтау» зерттеуінде туристік қызметте қолдануға болатын өткізу қабілеттілігінің әдістемесін ұсынады.

Туризмдегі өткізу қабілетін бағалау 1992 жылы Сифуэнтес ұсынған әдіске негізделеді, мұнда ол туристік қызмет орналасқан жер мен әр туристік дестинациядағы туристік маусымға байланысты бағаланады [1].

Сифуэнтестің өткізу қабілеттілігі әдісінен басқа, зерттеу барысында басқа да зерттеушілердің теориялық әдістері, өткізу қабілеттілігінің теңдеулері және өткізу қабілеттілігін бағалауды қолдану бойынша еңбектері қарастырылды. Солардың бірі Буллонның өткізу қабілеттілігінің математикалық моделін (ВССММ) қолдана отырып, туризмнің өткізу қабілеттілігін бағалауды есептеуі [2].

Зерттеуші ғалым Чемберлен (1997) «өткізу қабілеттілігі» ұғымын келесідей сипаттайды: «бұл даму мен табиғатты қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау құралы; бұл жоспарлаусыз өтуге болмайтын шек; бұл өзгерістер мен сол өзгерістердің себебін өлшеуге мүмкіндік беретін нұсқаулық; сондай-ақ туындауы мүмкін қатерлерді алдын ала ескерту жүйесі. ...»[3].

Туризмді жоспарлау тұрғысынан алғанда қарапайым тілмен өткізу қабілеттілігін келесідей сипаттауға болады, яғни, бұл аймақтағы туризмді дамытудың ең қолайлы деңгейі. Концептуалды тұрғыдан өткізу қабілеттілігі түсінікті әрі жеңіл қолданылатынына қарамастан, эксплуатациялауда ол айтарлықтай кедергілерге ұшырайды. Сондықтан бұл тұжырымдаманы түрлі туристік зерттеулерде қолдану бірнеше «өлшеулі» көрсеткіштермен шектеліп, мұндай көрсеткіштер өз кезегінде өткізу қабілеттілігін туристік дестинацияларды жоспарлауда қолданудың аясын тарылтады [4].

Практикалық тұрғыдан алғанда, өткізу қабілеттілігі «экологиялық әлеует мақсаттарын бұзбай, аумақ орналастыра алатын өсу шегі» ретінде анықталады [5]. Өткізу қабілеттілігін талдау жерді пайдалануды бөлу туралы шешім қабылдау үшін экологиялық жоспарлауда қолданылады. Бұл туризм, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, инфрақұрылым және т.б. салаларды дамытудың максималды деңгейіне жету қабілетін анықтау үшін кеңінен қолданылатын негізгі әдіс. Салалар арасында

айырмашылықтар болғандықтан, өткізу қабілеттілігін нақты пайдалану түрлеріне қарай анықтаған жөн. Осы ретте өткізу қабілеттілігі белгілі бір жерге немесе пайдалану мақсатына қарай тәуелді.

Өткізу қабілеттілігі – бұл саясатты құрудың қуатты тұжырымдамасы, дегенмен ғылыми тұрғыдан ол «есептік» өткізу қабілеттілігін (шекті) анықтаудағы аналитикалық қиындықтарға байланысты айтарлықтай келіспеушіліктерге тап болды. Бұл қиындық табиғи және техногендік экокүйелердегі шектеулерді бағалау кезінде тұжырымдаманың көптеген аспектілерінен және оған тән шектеулерден туындайды. Гетц өткізу қабілеттілігін түсіндірудің немесе анықтаудың алты түрлі тәсілін анықтады: ресурстардың нақты шектеулері, қабылдаушы халықтың төзімділігі, келушілердің қанағаттануы, өзгерістердің шамадан тыс өсу қарқыны, шығындар мен пайданы бағалауға негізделген өткізу қабілеттілігі, жүйелік тәсілдегі өткізу қабілеттілігінің рөлі [4].

Соңғы әдебиеттерде өткізу қабілеттілігіне деген қызығушылық «объективті "бағаланатын шекті мәннен" саясатқа пайдалы жағдайларға» ауысты, бұл жоспарлау мен шешім қабылдаудың артықшылықтарын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, туристік өткізу қабілеті орнына келушілердің әсерін басқару, рұқсат етілген өзгерістер шегі, келушілердің тәжірибесіне байланысты ресурстарды қорғау шеңбері сияқты мақсаттарды басқаруға (МВО) негізделген тәсілдер рухында балама тұжырымдамалар ұсынылуда. Жоспарлаушылар мен шешім қабылдаушыларға туризмнің дамуын бақылауға бағытталған күш-жігерін жеңілдететін құралдарды әзірлеу және пайдалану туралы алаңдаушылық артып келеді.

Негізгі бөлім (талдау, нәтижелер және талқылау).

Дестинацияларға келуші туристік ағынның тұрақты өсуі ондағы жергілікті халық санының кемуі, аумақтың ластануы, салт-дәстүрдің өзгеруі, жол кептелісі, адам санының шектен тыс көбеюі, табиғи ресурстардың бөлінуі, ағаштарды кесу және т.с.с. әр түрлі мәселелердің туындауына алып келуде. Билік өкілдері түсетін табыс көлеміне кері әсерін тигізетініне қарамастан, танымал дестинацияларға келушілердің санына шектеу қоюға мәжбүр. Жаппай сұранысқа ие туристік дестинациялардағы бір-біріне қарама-қайшы осы екі құбылысты тиімді шешу мақсатында туристік өткізу қабілетін есептеу әдісі қолданылады. Сызықтық бағдарламалау әдісін қолдана отырып, туристік өткізу қабілетін есептеу келесідей операцияларды орындайтын үдеріс болып табылады:

- дестинацияның туристік ішкі жүйелерін анықтау, әсіресе туристік нысандар мен қызметтерге қатысты;

- сол ішкі жүйелерді жиі пайдаланатын пайдаланушылардың түрлерін жіктеу;

- пайдаланушы профилі бойынша осы ішкі жүйелерді пайдалану деңгейін анықтау;

- нәтижесінде әр профиль бойынша күнделікті шығындарды ескеру арқылы тағайындалған жердің кірісін барынша арттыру үшін нақты ауқыммен сандық талдауды жалғастыру.


Өткізу қабілеті – бұл сандық түрде анықталатын және туризмнің даму шектерін анықтау үшін қолданылатын маңызды ұғым. Оны туристік дестинацияларда көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тұрақтылығын көрсететін техносфера үшін шекті мәндерді анықтау үшін де пайдалануға болады [6].

Туристік өткізу қабілетін есептеу төрт қадамнан тұрады. Ол үшін туристік ағын, территория көлемін, әр турист еркін қозғала алатын тиімді кеңістікті және келіп-кету уақытын ескеру қажет [7].

Өткізу қабілеттілігі туралы ойлар үш негізгі құрамдас бөлікке немесе өлшемдерге байланысты: *физика-экологиялық, әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық*. Бұл аспектілер іс жүзінде қарастырылатын мәселелер шеңберін де көрсетеді.

Әлбетте, өткізу қабілетін қарастырған кезде үш компонент әртүрлі мақсаттарда әртүрлі салмақпен (немесе маңыздылықпен) қарастырылуы керек. Бұл айырмашылықтар жердің түріне (сипаттамаларына/ерекшеліктеріне), қолданыстағы туризм түріне(леріне) және туризм мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуіне байланысты. Бұл үш фактор белгілі бір дәрежеде өзара байланысты.

Пайдаланылатын деректер түрі – бұл белгілі бір туристік қызметке арналған алаңға (гектарға) негізделген арақатынас деректері, мұнда деректер болжамдар мен шектеу факторларын ескере отырып түзетіледі. Содан кейін бұл деректер туризмнің өткізу қабілеттілігінің теңдеулері арқылы есептеледі. Бұл зерттеу әдісі төмендегі сызбада қысқаша сипатталған:



1-сурет. Туризмнің өткізу қабілетін анықтаудың құрылымы*

* [1] әдебиет негізінде құрастырылды

- Қызметті жүзеге асыру үшін алаңға қойылатын стандартты талаптар

Белгілі бір туристік қызмет үшін стандартты алаңға қойылатын талап стандартты аумақтың (шаршы метр) негізгі болжамы болып табылады. Стандартты аймақ экологиялық аймақтың туристік қызметті қоса алғанда, нақты қызмет түрлеріне қажеттіліктеріне қарай анықталады. Стандартты аумақты есептеу кезінде туристік қызметтің әр түрі үшін нақты тендеу қолданылады [8].

1-кесте

Алаң стандарты

Туризм түрі	Қызметті жүзеге асыру үшін алаңға қойылатын стандартты талаптар (ш.м.)
Жүзу	100
Түтікпен сүңгу	500
Жағажай	50
Серфинг	1000
Треккинг/жаяу серуендеу	30
Сарқырама	50
Үңгір	20
Мәдениет	20

- Әр қызмет түріне арналған аймақ

Әр қызмет түріне арналған аймақ, бұл әр дестинациядағы туристік қызметті жүзеге асыруға арналған нақты алаң (шаршы метр). Мұнда қажетті деректер тікелей бақылау нәтижесіне жиналады және қызмет аймағын (шаршы метр) анықтау үшін ГАЖ негізіндегі талдаулармен күшейтіледі.

- Қызметтерді пайдалану үшін орташа қолжетімді уақыт

Қызметтерді пайдалану үшін орташа қолжетімді уақыт, бұл әр туристік дестинация ұсынатын қызметтерді бір күнде қолдануға кететін орташа уақыт (сағат). Бұл мәліметтер әр туристік қызметтің қанша уақытқа ашық екендігі туралы қолданыстағы шарттарға негізделеді.

- Орташа келіп-кету уақыты

Орташа келіп-кету уақыты, бұл әр туристік дестинация ұсынатын қызметтерді қолдануға кететін орташа уақыт (сағат). Бұл мәліметтер де әр турист дестинацияда қызметтерді қолдануға кететін уақытты тікелей бақылау нәтижесіне негізделеді.

- Айналу (ротация) коэффициенті

RC туристің туристік қызметтерді пайдалануға кететін орташа уақытын туристік қызметтерді пайдалану үшін бір күнде қолжетімді уақытпен салыстыратын коэффициент.

$$RC = \frac{\text{қызметтерді қолдану үшін қолжетімді уақыт}}{\text{қызметтерді тұтынуға жұмсайтын орташа уақыт}}$$

- Шектеу факторы 1/Ашық қызметтер уақытының жылдық коэффициенті (Lf1)
Жылдың қолайсыз ауа-райы кезеңін бейнелейтін коэффициент.

$$Lf1 = \frac{(100 - ((\text{ауа} - \text{райы қолайсыз күндер} \div 365) \times 100))}{100}$$

- Шектеу факторы 2/Ашық қызметтер уақытының күндік коэффициенті (Lf2)
Дестинацияның бір күндегі ашық уақытын бейнелейтін коэффициент

$$Lf2 = \frac{(100 - ((\text{ашық сағаттар} \div 24) \times 100))}{100}$$

- Негізгі өткізу қабілеті (BCC)

Туристер көрсеткен әр қызмет түріне арналған аймақ пен алаңға қойылатын стандартты талаптарды салыстыру.

$$BCC = \frac{\text{Әр қызмет түріне арналған аймақ}}{\text{стандартты аймақ}}$$

- Потенциалды өткізу қабілеті (PCC)

PCC – қызмет көрсету уақытын есепке алмағандағы белгілі бір аймақтың өткізу қабілетінің мәні. PCC есептеу кезінде RC коэффициенті және BCC нәтижесі ескеріледі.

$$PCC = BCC \times RC$$

- Нақты өткізу қабілеті (RCC)

RCC-туристік бағалаудың нақты мәні. RCC-бұл жұмыс уақыты мен ауа-райының қолайсыздығы сияқты белсенділік уақытын ескеретін PCC мәні. RCC мәні тағайындалған аймаққа осы қызмет түріне баруға рұқсат етілген туристердің максималды санын көрсетеді. RCC мәні бір күнге немесе бір жылға есептелуі мүмкін.

$$RCC = PCC \times Lf1 \times Lf2 \quad [1]$$

Әдетте, туризмнің өткізу қабілетін есептеу кезінде сандық әдіс қолданылады. Әр дестинация үшін туристік өткізу қабілеттілігін есептеу үшін негіз ретінде бірнеше болжамдар мен стандарттар қолданылады, мысалы, айналу коэффициенті (RC) және шектеу факторлары, олар жылына келу санын (Lf1) және күніне келу санын (Lf2) қамтиды.

Айналу коэффициенті (RC) - бұл бір жерде рұқсат етілген күнделікті келу коэффициенті, ол туристің белгілі бір іс-шараларды өткізуге жұмсайтын орташа уақытына бөлінген тәуліктік сабақтардың орташа қол жетімді уақыты негізінде есептеледі.

Туризмдегі өткізу қабілетін (TCC) анықтау, бағалау және енгізу туризмді дамытуды жоспарлау процесінің бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Сонымен қатар, TCC үш құрамдас бөлікке (физика-экологиялық, әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық) қатысты әртүрлі өткізу қабілеттілігінің шектеулерін қамтуы мүмкін. "Өткізу қабілеттілігі-бұл дамуды тоқтату керек санды алудың ғылыми тұжырымдамасы немесе формуласы емес. Мүмкін болатын шектеулер нұсқаулық ретінде қарастырылуы керек. Олар мұқият бағалануы және бақылануы керек, басқа стандарттармен толықтырылуы керек және т.б. жүк көтергіштігі тұрақты емес. Ол уақыт пен туризмнің өсуімен дамиды және оған басқару мен бақылау әдістері әсер етуі мүмкін " (Савериадес, 2000). Яғни,

жоғарыда келтірілген тенденциялар негізінде алынған шекті мәндер туристік дестинацияны жобалау мен әрі қарай дамытуда бағдар ретінде қолданылуы тиіс.

Концепцияның негізгі мәні туристік қызметтерге белгілі бір шектеу, яғни шекті мәндің болуы болып табылады, ол жергілікті басқарушылар мен жобалаушылардың жауапкершілігі мен басты назарында болуы тиіс. Туризм ресурстарға, әлеуметтік құрылымдарға, мәдени үлгілерге, экономикалық қызметке және жерді пайдалануға әсер ету арқылы жергілікті жердегі табиғи және мәдени ортаға қысым жасайды. Туризмге қатысты мәселелердің пайда болуы мен жергілікті жер халқы мен табиғатының құрылымына «айтарлықтай» өзгеруіне ықпал ететін осындай қысымдардың әсерін жұмсарту мақсатында арнайы шараларды қабылдау өте маңызды. Бұл проблемалар мемлекеттік саясаттың күн тәртібінде күшейіп, үстемдік етуде, өйткені қазіргі қоғамдар қоршаған ортаны қорғау, өмір сапасы және тұрақты даму сияқты мәселелерге көбірек көңіл бөлуде. Туризмді дамыту мәселесі жергілікті тұрақтылық стратегиясы аясында көбірек қарастырылуда, бұл жағдайда жергілікті жүйелердің туризмді қолдау қабілетін анықтау басты мәселеге айналууда. Осы және басқа да тұрақты дамуды басқару әдістері туристік дестинациялардың үздіксіз дамуын қамтамасыз етуде қолданылады.

Қорытынды. Осу перспективалары әрдайым басты назарда болғанымен, болашақта туризмнің қалай дамитыны туралы әлі де жоғары белгісіздік бар. Туристік дестинацияларды басқару қазірдің өзінде өте қиын міндетке айналууда, өйткені туризмнің өзі күрделі және әртарапандырылған қызмет түрі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлер туризмнің дамуы инфрақұрылымды дамытуға, қоршаған ортаны қорғауға және мәдени мұраны көбейтуге айтарлықтай шығындар әкелетінін түсінумен қатар, туризмнің қоршаған орта сапасына қатты тәуелділігін де мойындайды. Сонымен қатар, экономикалық пайданы тең бөлу, туризмнің өсуін жоспарлау мен басқаруға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы, тіпті болашақ ұрпақ үшін даму әлеуетін сақтау сияқты басқа да мәселелерді шешу қажет. Туризмді дамыту стратегиясы кеңірек өзгерістерден, сондай-ақ жергілікті ерекшеліктер мен басымдықтардан туындайтын белгісіздікті ескере отырып, жергілікті немесе аймақтық даму стратегиясының бөлігі ретінде кеңірек әзірленуі керек.

Осыған байланысты туризм белгілі бір ережелерге сәйкес дамуы керек және шараларды жүзеге асыру қатаң және мониторинг тиімді болуы керек. Шектеулерді белгілеу үшін туристік өткізу қабілетін (ТСС) бағалау сияқты әртүрлі құралдарды пайдалану орынды, өйткені олар табиғи және мәдени мұраны сақтау туралы басым назарларға сәйкес келеді.

Өткізу қабілеттілігін бағалау туристік ағындардың өсуі күтілетін басқа туристік курорттар жағдайында пайдалы құрал бола ала ма? Олай болса, қандай жағдайда? Осы шарттардың кейбіреулері алдыңғы абзацтарда талқыланды, негізінен ТСС енгізу және ТСС енгізу кезінде ескеру қажет негізгі мәселелер туралы негізгі бөлімде талқыланды. ТСС шектеулерді анықтаудың құнды құралы бола алады. Дегенмен, ТСС бірегей сандық мәнді анықтауға әкелетін қатаң әдіс ретінде емес, басқару құралы ретінде қарастырылуы керек. Сонымен қатар, мүдделі тараптардың қатысуы барлық кезеңдерде өте маңызды, өйткені ТСС жергілікті қоғамдастықтың ұмтылыстары мен мақсаттарын қамтиды және көрсетеді. Туризмнің өткізу қабілетін бағалау туризмді басқарудың қуатты негізі бола алады.

Сонымен қатар, әртүрлі отандық дестинацияларда ТСС анықтау және енгізу әдістемелерін сынау үшін пилоттық зерттеулерді ілгерілету қажет. Бұл зерттеулерді жүргізу өте маңызды, өйткені іс жүзінде алынған нақты деректер шектеулі. Ал, жинақталған тәжірибені тарату өте маңызды, оған желілік өзара әрекеттесу арқылы қол жеткізуге болады. Туризмнің өткізу қабілетін бағалаудың нәтижелері туризмді дамыту саясатына үлесін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Faiz S.A., Komalasari R.I. The assessment of tourism carrying capacity in Lombok Island. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 592(1), 2020. – 012002. – <https://doi.org/10.1088/1755-1315/592/1/012002>
2. Calanog L.A. A Manual on Computing Carrying Capacity of Ecotourism Sites in Protected Areas (Laguna: Department of Environment and Natural Resources-Ecosystems Research and Development Bureau). – 2015
3. Chamberlain K. Carrying capacity in: UNEP Industry and Environment. – No. 8, January-June 1997. – Paris: UNEP IE.

4. Coccossis H., Mexa A., Collovini A. Defining, measuring and evaluating carrying capacity in tourism in European tourism destinations. Environmental Planning Laboratory by the European Commission, Directorate-General for Environment, Nuclear Safety and Civil Protection. – 2002
5. Ortolano L. Environmental Planning and Decision Making. New York: John Wiley and Sons. – 1984
6. Styles D., Schonberger H., Martos J.L. G. Best environmental management practice in the tourism sector. Joint research center. Report EUR 26022 EN. – 2013.
7. Cifuentes M. Determinación de Capacidad de Carga Turística en Área Protegidas (Turrialba: Centro Agronomico Tropical de Investigacion y Enseñanza Catie). – 1992.
8. Victor P.H Tourism Carrying Capacity of Raja Ampat (Jakarta: Conservation International Indonesia). – 2017.

REFERENCES

1. Faiz S.A., Komalasari R.I. The assessment of tourism carrying capacity in Lombok Island. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 592(1), 2020. – 012002. – <https://doi.org/10.1088/1755-1315/592/1/012002>
2. Calanog L.A. A Manual on Computing Carrying Capacity of Ecotourism Sites in Protected Areas (Laguna: Department of Environment and Natural Resources-Ecosystems Research and Development Bureau). – 2015
3. Chamberlain K. Carrying capacity in: UNEP Industry and Environment. – No. 8, January-June 1997. – Paris: UNEP IE.
4. Coccossis H., Mexa A., Collovini A. Defining, measuring and evaluating carrying capacity in tourism in European tourism destinations. Environmental Planning Laboratory by the European Commission, Directorate-General for Environment, Nuclear Safety and Civil Protection. – 2002
5. Ortolano L. Environmental Planning and Decision Making. New York: John Wiley and Sons. – 1984
6. Styles D., Schonberger H., Martos J.L. G. Best environmental management practice in the tourism sector. Joint research center. Report EUR 26022 EN. – 2013.
7. Cifuentes M. Determinación de Capacidad de Carga Turística en Área Protegidas (Turrialba: Centro Agronomico Tropical de Investigacion y Enseñanza Catie). – 1992 [in Spanish]
8. Victor P.H Tourism Carrying Capacity of Raja Ampat (Jakarta: Conservation International Indonesia). – 2017.

Жанділла Б.Д., Шоқан Р., Тлесова Э.Б., Жусупов Е.А.

МЕХАНИЗМЫ УПРАВЛЕНИЯ ТУРИСТСКОЙ ДЕСТИНАЦИЕЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ УСТОЙЧИВОГО ТУРИЗМА

Аннотация

Сфера туризма признана одной из самых перспективных отраслей экономики Казахстана, реализуются системные стратегии по ее развитию. Соответственно, ожидается увеличение количества туристов, посещающих туристические дестинации в стране. Поскольку подавляющее большинство отечественных туристских дестинаций основано на природных туристских ресурсах, необходимо учитывать в их развитии принципы концепции устойчивого развития. Необходимо найти баланс между увеличением числа приезжающих туристов и экологическими возможностями каждой дестинации, а также развивать контроль и управление туризмом. Туристическая пропускная способность - один из популярных методов, который был разработан Сифуэнтесом в 1992 году. Этот метод позволяет прогнозировать максимальную пропускную способность туристских дестинаций на основе 4 основных уравнений: туристская пропускная способность (ТСС), базовая пропускная способность (ВСС), потенциальная пропускная способность (РСС), фактическая пропускная способность (RCC). Соображения о пропускной способности вращаются вокруг трех основных компонентов или измерений: физико-экологических, социально-демографических, политико-экономических. Эти аспекты также отражают круг вопросов, которые будут рассмотрены на практике. Исследование направлено на понимание концепции пропускной способности туризма (ТСС), ее практического анализа и измерения. Анализ теории основан на обзоре исследований. Результаты оценки пропускной способности туризма позволяют использовать в качестве исходных данных для разработки государственной политики развития туризма. Это также позволяет предотвратить экологические проблемы, возникающие из-за чрезмерного использования туристских ресурсов.

Zhandilla B., Shokhan R., Tlessova E., Zhussupov Y.

**TOURIST DESTINATION MANAGEMENT MECHANISMS
TO DEVELOP SUSTAINABLE TOURISM**

Annotation

The tourism sector is recognized as one of the most perspective sectors of the economy of Kazakhstan, and systematic strategies for its development are being implemented. Accordingly, an increase in the number of tourists visiting tourist destinations in the country is expected. Since the vast majority of domestic tourist destinations are based on natural tourist resources, it is necessary to take into account the principles of the concept of sustainable development in their development. It is necessary to find a balance between the increase in the number of tourists coming and the ecological possibilities of each destination, as well as to develop control and management of tourism. The tourism carrying capacity is one of the popular methods which was developed by Cifuentes in 1992. This method allows you to predict the maximum carrying capacity of tourist destinations based on 4 basic equations: tourist carrying capacity (TCC), basic carrying capacity (BCC), potential carrying capacity (PCC), real carrying capacity (RCC). Carrying capacity considerations revolve around three main components or dimensions: physical-ecological, socio-demographic, and political-economic. These aspects also reflect the range of issues that will be considered in practice. The research is aimed at understanding the concept of tourism carrying capacity (TCC), its practical analysis and measurement. The analysis of the theory is based on a review of research. The results of the assessment of the capacity of tourism can be used as input data for the development of state tourism development policy. It also helps to prevent environmental problems arising from the excessive use of tourist resources.

